

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2019 жыл 14 мамыр

### KASE 2019 жылдың сәуір айындағы биржалық нарықтың жұмыс қорытындыларын жариялайды

- 2019 жылдың сәуірінде KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 10 767,9 млрд теңгені құрап, 2019 жылдың наурыз айымен салыстырғанда 10,4 % немесе 1 016,7 млрд теңгеге өсті.
- Барлық нарық оң динамиканы көрсетті:
  - бағалы қағаздары нарығы – 5,2 %;
  - шет елдік валюта нарығы – 1,1 %;
  - қаржы нарығы – 11,4 %.
- 2019 жылдың сәуір айында листинг рәсімінен бес эмитенттің бағалы қағаздары өтті.
- 2019 жылдың сәуір айының қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 5,2 % төмендеп, и 2 333,17 нүктені құрады.
- 2019 жылдың 01 мамырында акциялар нарығын қаржыландыру 15,9 трлн теңге көлемінде қалыптастырылды, біршама төмендегінін байқаймыз.
- 2019 жылдың сәуір айының қорытындысы бойынша саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 0,3 % дейін төмендеп, 11,6 трлн теңгені құрады.
- Сәуір айының қорытындысы бойынша құнды қағаздар нарығында алғашқы орналастыру көлемі 203,6 млрд теңгені құрады бұл өткен аймен салыстырғанда 8,3% төмендеді.
- 2019 жылдың 01 мамырында Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атына ашылған 118 799 жеке шоттар ашылды, ол алдыңғы айға қарағанда 262 шотқа және 2019 жылдың басына қарағанда 1 975 шотқа артық.

### АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

2019 жылдың сәуір айының соңына қарай KASE сауда-саттық тізімдерінде 125 эмитенттің 140 атаудағы акциялары болды, соның ішінде екі атаудағысы листингілік емес бағалы қағаздар секторында айналысқа жіберілді. KASE ресми тізіміне сәуір айында үш ресей компаниясы "Новолипецк металлургиялық комбинаты" БАҚ, "Лукойл" БАҚ және "Норильск никель" ТМК" БАҚ компаниялары енгізілді, KASE ресми тізімінен эмитент бастамасымен "Цесна" Корпорациясы" АҚ шығарылды.

Сәуір айының қорытындысы бойынша акциялар нарығының капитализациясы 0,1 % төмендеп немесе 17,6 млрд теңгеден 15,9 трлн теңгеге дейін құлдырады.

Сәуір айында акциялармен сауда-саттық көлемі 2019 жылға қарағанда 2,4 есе өсіп немесе 4,9 млрд теңгеден 8,3 млрд теңгеге жетті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 378,1 млн теңгені құрады. Мәмілелердің орташа күндік саны – 537. Бір мәміленің орташа көлемі – 0,7 млн теңге.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ең белсенді жеке тұлғалар болды, олардың шоттарына акциялардың жалпы айналымының 49,5 % тиесілі болды. Брокер-дилерлердің қатысу үлесі 34,4 %, басқа институционалдық инвесторлардың шоттарына 1,1 % тиесілі, екінші деңгейдегі банктердің үлесі (ЕДБ) 0,2 %, заңды тұлғалардың үлесі 14,7 %. Резидент еместердің қатысуы 13,4 % болды.

## KASE ИНДЕКСІ

Сәуір айының қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 5,2 %, немесе 128,09 нүктеден 2 333,17 нүктеге құлдыраумен аяқтады. Ол өткен жылдың тамыз айынан бергі ең төменгі деңгейге жеткені.

### KASE өкілетті тізіміне енгізілген акциялар бағаларының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Баға өзгеруі		
		01.04.2019	01.05.2019	сәуірде
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	2 530,00	3 195,00	+26,28%
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	HSBK	100,41	112,01	+11,55%
"Банк ЦентрКредит" АҚ	KCEL	1 850,00	2 010,00	+8,65%
"Кселл" АҚ	KEGC	1 600,64	1 712,89	+7,01%
"KEGOC" АҚ	KZTO	1 342,00	1 395,00	+3,95%
"ҚазТрансОйл" АҚ	CCBN	234,21	233,01	-0,51%
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	33 499,00	29 499,99	-11,94%

Осы айда "Қазақтелеком" АҚ жай акциялары құлдырап, 12,71 % төмендеді. Компания акцияларының баға белгілеулері миноритарлық акционерлерден үлесін сатып алуға және Kcell шығындарына, Кар-Тел айыппұл төлеуге байланысты корпоративтік оқиғалар аясында жоғары турбуленттік аймағында болуды жалғастыруда. 30 сәуірде Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында 2018 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша бір жай акцияға 781,06 теңге көлемінде дивиденд төлеу туралы шешім қабылдады. Дивиденд алуға құқылы акционерлерді тіркеу күні 05 мамырға белгіленді. Дивиденд төлеуді бастау күні –2019 жылдың 6 мамыры.

"КазТрансОйл" АҚ жай акцияларының баға белгілеулері күрт төмендеді (10 % дан астам). 25 сәуірде компания Директорлар кеңесінің шешімін жариялады. Бір акцияға 104 теңге көлеміндегі ұсынылған дивиденд нарық қатысушыларының күткенінен төмен болды, одан кейін акцияның бағасы баға жабылудан бір күн бұрынғы бағамен салыстырғанда 72 теңгеге арзандады. Өткен жылы бір акцияға дивиденд көлемі 160 теңгені құрады. "КазТрансОйл" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы 28 мамырға белгіленді.

18 сәуірде "Қазақстан Халық Жинақ банкі" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өтті. Онда акционерлер банктің 2018 жылға шоғырландырылған қаржылық есебі бойынша аудиторлық есебін бекітті және жай акциялары бойынша бір акцияға 10,78 теңге көлемінде дивиденд төлеуді мақұлдады. Банктің акцияларына баға белгілеу Т+2 сызбасы бойынша сауда-саттықты ескере отырып, акционерлердің тізілімін тіркеуден екі күн бұрынғы дивиденд сомасынан төмендеп, айды 6,21 % төмендеумен, бір акцияға 105,05 теңгеден аяқтады.

Сәуір айының ортасында "KEGOC" АҚ 2019 жылдың 03 мамырындағы акционерлердің жылдық жалпы жиналысында бекітілген, 2018 жылға қаржылық есептілігін жариялады. Жарияланған құжатқа сәйкес, компанияның таза табысы 2018 жылы 40 млрд теңгеге жетті, бір жылда 22 % - ға артты. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында акционерлер дивиденд төлеуге 14,2 млрд теңгені жіберуге, немесе бір жай акцияға 54,53 теңге көлемінде төлеуге шешім қабылдады. Бұрынғы төленген дивидендтерді ескере отырып, 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында, компанияның ақпараттық хабарламасына сәйкес, барлығы дивиденд төлеуге 2018 жылға таза табысының 87,7 % жіберілді. "KEGOC" АҚ оң операциялық көрсеткіштеріне қарамастан, жай акцияларының бағасы айдың басынан бері 4,37 % төмендеді, ол наурыз айының соңғы сауда-саттық күні сегіз пайыздық өсімге бірден қол жеткізгендігіне байланысты болды.

Қарқыны төмендеуіне қарамастан, төрт ай қатарынан KAZ Minerals акцияларының баға белгілеулері үшін өсіммен аяқталуда. Сәуір айының аяғында сегіз айлық шынға қол жеткізе отырып, жабылу бағасы 3 600 теңге деңгейіне жеткен кезде, өндірістік компанияның акцияларының баға белгілеулері біртіндеп төмендей бастады. Айдың аяғында компанияның 2019 жылдың бірінші тоқсанына өндірістік есебі жарияланды. Ағымдағы жылдың үш айында компания 70 мың тонна мыс өндірді, ол өткен жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 4 % артық, бірақ алдыңғы тоқсанға қарағанда 10 % аз. Баспасөз хабарламасына сәйкес, компания 2019 жылы жоспарлағанына қол жеткізу үшін 300 мың тонна мыс өндіруі қажет.

## КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Сәуір айының соңында KASE ресми тізімінде 63 эмитенттің 241 атаудағы облигациялары шығарылымы болды. Есептік айда KASE ресми тізіміне "Баспана" ипотекалық ұйымы" АҚ коммерциялық облигацияларының бір шығарылымы қосылды. KASE ресми тізімінен айналым мерзімі өтуіне байланысты үш шығарылым облигациялары шығарылды: "Банк ЦентрКредит" АҚ, "Қазақстан Халық Жинақ Банкі" АҚ және "Цеснабанк" АҚ және мерзімінен бұрын өтеуге байланысты "КазМунайГаз" ҰК" АҚ халықаралық облигацияларының бір шығарылымы.

Сәуір айында айналымғады корпоративтік борыш көлемі 0,3 % немесе 31,2 млрд теңгеге төмендеп, 11,6 трлн теңгеге дейін жетті.

Корпоративтік облигациялардың кірістілігі индексінің мәні KASE\_BMY сәуір айында 14 базистік нүктеге жетіп, жылдық 10,54 % құрады.

Корпоративтік облигациялардың қайталам нарығындағы сауда-саттық көлемі наурыз айына қарағанда 53,3 % төмендеп, 49,5 млрд теңгеден 43,3 млрд теңгеге жетті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 2 млрд теңгені құрап, мәмілелердің орташа күндік көлемі – 8, бір мәміленің орташа көлемі – 241,8 млн теңгені құрады.

Сәуір айында облигациялардың алғашқы нарығында "Баспана" Ипотекалық ұйымы" АҚ коммерциялық облигацияларын орналастыру бойынша екі аукцион өткізілді. Тартудың жалпы көлемі 19,8 млрд теңгені құрады, ол наурыз айының қорытындысы бойынша алғашқы нарық көлемінен 77,4 % немесе 67,8 млрд теңгеге аз. Аталмыш орналастыру бойынша орташа сараланған кірістілігі жылдық 9,5987 % құрады. Инвесторлардың негізгі санаты бойынша алғашқы нарықтағы ЕДБ инвесторларының үлесі 53,3 %, брокер-дилерлер – 1,2 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесіне 35,5 %, өзге заңды тұлғаларға – 10,5 % келді.

Қайталама нарығындағы облигациялардың сауда-саттығының көлемі 4,6 есе өсіп, немесе 18,4 млрд теңгеден 23,5 млрд теңгеге дейін жетті. Қайталама нарығындағы ең үлкен үлесі (76%) 17,9 млрд теңгеге "Самұрық-Энерго" АҚ облигацияларын сатып алу бойынша мәмілелер алды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында ЕДБ үлесі 19,5 %, брокер-дилерлердің үлесі – 26,2 %, өзге институционалдық инвесторлар – 43,8 %, өзге заңды тұлғалар – 6,9 %, жеке тұлғалардың үлесі – 3,6 %. Резидент еместердің қатысу үлесі 5,2 % құрады.

## МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналды құны 12,3 трл теңгені құрады, бұл жыл басындағы көрсеткіштен 8 % немесе 904,3 млрд теңгеге артты.

Сәуір айында KASE МБҚ сауда-саттықтарының көлемі 5,3 % немесе 8,7 млрд теңгеге өсіп, 173,8 млрд теңгеге жетті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 7,9 млрд теңге көлемінде ұалыптасты, орташа күндік мәміле саны – 4, бір мәміленің орташа саны – 2,1 млрд теңге.

Бастапқы нарықтағы МБҚ мәміле көлемі 0,7 % немесе 0,8 млрд теңгеге төмендеп, 123,8 млрд теңгені құрады. Есептік кезеңде мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру аясында алты облыстың жергілікті атқарушы органдары – Шығыс Қазақстан, Атырау, Қызылорда, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстары – жылдық 0,35 % 10,4 млрд теңгені тартты (наурыз айында орналастыру көлемі 8 млрд теңгені құрады). Қалған көлемі – 113,4 млрд теңге 2,8 % немесе 3,3 млрд теңгеге наурыздағы көрсеткіштен аз, қаржы министрлігі ұзақ мерзімді облигациялардың үш шығарылымын жылдық 8,62–8,76 % орналастыра отырып, тартты.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша институционалдық инвесторлардың үлесі 91,6 %, өзге заңды тұлғаларға 8,4 % тиесілі. Резидент еместер сауда-саттыққа қатысқан жоқ.

Қайталама нарықтағы сауда-саттықтың көлемі 9,6 млрд теңге жетіп, яғни, 23,6 % немесе 50 млрд теңгеге артты. Сауда-саттықтың жалпы көлемінің 96,6 % Ұлттық Банктің ноталарының сауда-саттықтарының үлесіне келді.

Қайталама нарықтағы ЕДБ үлесі 40,6 %, брокер-дилерлердің үлесі – 2 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесі – 40,9 %, өзге заңды тұлғалар – 16 %, жеке

тұлғалардың үлесі – 0,4 %. Резидент еместердің қатысу үлесі 0,4 % құрады. Резидент еместер сауда-саттыққа қатысқан жоқ.

## **ХҚҰ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ**

Есептік айда KASE сауда-саттық тізімдерінде бес халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының 23 шығарылымы болды, соның ішінде: Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы және Азия даму банкі.

Есептік айда "Халықаралық қаржы корпорациясының бағалы қағаздары" секторына Еуропалық қайта құру және даму банкінің бес жылдық халықаралық облигацияларының бір шығарылымы енгізілді, онда жазылым аясында KASE сауда-саттық жүйесінде жартыжылдық купонға 0,5 % маржамен 60 млрд теңгеге орналастырылды.

Барлық көлемін институционалдық инвесторлар сатып алды.

## **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ҮЛЕС ПҰЛДАРЫ**

01 мамырдағы жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар" секторында алты компанияның басқаруындағы жеті қаржы құралы болды.

Сауда-саттық көлемі 6,6 % өсіп, 37,7 млн теңгеге жетті. Көлемі бойынша көшбасшылары "Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаруындағы CSECfe (26,7 млн теңге) және CSECgm (6 млн теңге) үлес пұлдары, үшінші орында State Street Global Advisors басқаруындағы – US\_SPY\_ (4,7 млн теңге), төртінші орында – FinEx FFIN Kazakhstan Equity ETF қосымша қорының IE\_FXBF акциялары (218,8 мың теңге).

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жеке тұлғалардың үлесі – 51,1 %, брокерлік-дилерлік компаниялардың үлесі – 6,5 % және өзге заңды тұлғалардың үлесі 42,4 % құрады.

## **БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ**

2019 жылдың 01 мамырындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жеке тұлғалардың атынан ашылған 118 799 жеке шот болды, бұл бір ай бұрынғы есепке қарағанда 262 шотқа, ал жыл басынан бері 1 975 шотқа артық.

## **ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫ НАРЫҒЫ**

Сәуір айында шетел валюталарының сауда-саттықтарына 29KASE мүшелері сауда-саттыққа қатысты.

Шетел валюталары сауда-саттықтарының көлемі 794,9 млрд теңге, ол алдыңғы айға қарағанда 1,1 % немесе 8,3 млрд теңгеге көп. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 36,1 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік көлемі – 239, бір мәміленің орташа көлемі – 151,3 млн теңге.

Ұлттық валюта сәуір айында доллар, рубль және юаньға қатысты шамалы әлсіреуімен айды аяқтап, тұрақтылығын көрсетті. Теңгенің айырбастау бағамының номиналдық өзгеруі бір пайыздың шегінде.

15 сәуірде ҚР Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені жылдық 9 %-бен 25 б.н. төмендетті, РФ ОБ және АҚШ ФРС 26 сәуірдегі және 01 мамырдағы отырыстарындағы негізгі мөлшерлемелер бұрынғы деңгейінде сақталып, жылдық 7,75 % және жылдық 2,25 – 2,50 % аралығында орын алды.

Төмендегі кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары берілген (жақшада бағамның алдыңғы жылмен салыстырғандағы өзгеруі, бағамның өзгеруі номиналды көрсетілімдегі шетел валютасының теңгеге қатысты биржалық орташа сараланған бағамының өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, валютаның млн бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағамдары, валюта бірлігіне KZT	жылдың соңындағы бағамы (% өзг.)
USD/KZT	2 075,9 (+0,7 %)	99,1 % (+0,04 %)	5 076 (+709)	377,11 – 381,94	381,08 (+0,3 %)
RUB/KZT	753,0 (+60,2%)	0,6 % (+0,21 %)	97 (+32)	5,8037 – 5,9400	5,9113 (+0,7 %)
CNY/KZT	35,7 (+50,7 %)	0,3 % (+0,08 %)	63 (+4)	55,1138 – 56,6900	56,5183 (+0,1 %)
EUR/KZT	2,4 (-71,5 %)	0,1 % (-0,33 %)	17 (-12)	423,60 – 429,60	426,43 (-0,3 %)

## АҚША НАРЫҒЫ

Базалық мөлшерлемені өлшеу KASE ақша нарығы индикаторына тиісті деңгейде әсер етті.

Сәуір айының соңында TONIA индикаторы 29 б.п. төмендеп, жылдық 8,00 % құрады. индикаторының мәні (мерзімі жеті жұмыс күндік репо ашылу мәмілелерінің орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 25 б.н. төмендеп, жылдық 8 % құрады.

Сәуір айының соңында бір күндік долларлық своп кірістілігі SWAP-1D(USD) жылдық 6,40 % құрады, бір айда 52 б.н. төмендеді. Екі күндік своп кірістілігі SWAP-2D(USD) 38 б.н. төмендеп, жылдық 6,51 % құрады.

Сәуір айында KazPrime-3M (KZT) индикаторы 25 б.н. төмендеп., жылдық 10 % құрады, өзінің қозғалысын Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесінің жоғары шегінде жалғастырды.

Бір жұмыс күнге ашылған, USD/KZT валюталық своп операциялары және МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша мәміленің көлемі арқылы орташа сараланған кірістіліктің мәнін көрсететін, ақша нарығының композиттік индикаторы MM\_Index наурыз айының соңында жылдық 7,98 % құрап, 29 б.н. төмендеді.

## РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Осы сегменттегі сауда-саттық көлемі 6 672,5 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 1,3 % жоғары. Операциялардың орташа күндік көлемі 303,3 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 347, бір мәміленің орташа көлемі – 875,2 млн теңге.

Репо ашылу операциялары сауда-саттықтарының жалпы көлемінен 97,7 % МБҚ себетімен авторепо мәмілелерінің үлесінде болды. МБҚ себетімен авторепо нарығындағы ең танымал қаржы құралы бір күндік репо операциялары болып қалды, олармен жасалған мәмілелердің МБҚ себетімен авторепо нарығының жалпы көлеміндегі үлесі 95,7 % құрады.

Барлығы сәуір айында репо нарығындағы мәмілелер жасасуға Биржаның 43 мүшесі қатысты. Резидент еместердің есептік айда қатысу үлесі 0,7 % құрады.

## ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Валюталық своп нарығындағы сауда-саттық көлемі 43,1 % азайып, 3 014,9 млрд теңгені құрады. Операциялардың орташа күндік көлемі 137 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 52, бір мәміленің орташа көлемі – 2,7 млрд теңге болды. Сауда-саттықтың жалпы көлеміндегі құралдық құрылымы 88,3 % (2,7 трлн теңге немесе 7,0 млрд USD) екі күндік валюталық своп (USDKZT\_0\_002) мәмілелерінің үлесінде болды.

Сәуір айында "ұзақ" валюталық своппен төрт мәміле жасалды – екі мәміле апталық своппен сомасы 24 млн АҚШ долларымен (9,11 млрд теңге) жылдық 7 және жылдық 6,8 %; бір айға своптары екі мәміле 20 млн АҚШ долларын құрады (7,6 млрд теңге) жылдық 7 %.

## **ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ**

Осы кезде биржалық нарықтың осы секторында, базалық активтері АҚШ доллары, KASE индексі және акциялардың кейбір атаулары болып табылатын, фьючерстер саудалауға қолжетімді. Бірінші тоқсанда фьючерстермен мәмілелер жасалған жоқ. Сәуірдің басына қарай деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашылған жайғасымдары болған жоқ.

### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS), БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД елдерінің қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орында.  
Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz